

"Бальнеотерапевтік емшара жүргізетін бөлімдердің (кабинеттердің) құрылымына және оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы бағытталған талаптар" санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық Бас дәрігерінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 7 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1940. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрайымының 2013 жылғы 10 қыркүйектегі № 223 бұйрығымен

Ескерту. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрайымының 10.09.2013 № 223 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сүйене отырып төмендегі көрсетілген тармақтарды орындауды, БҰЙЫРАМЫН: Қараныз K090193

1. Қосымша берілген 2002 жылғы 11 шілдедегі N 3.01.085.02 "Бальнеотерапевтік емшара жүргізетін бөлімдердің (кабинеттердің) құрылымына және оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы бағытталған талаптар" санитарлық ережелері мен нормалары б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге қойылып, алғашқы ресми түрде баспадан шыққан күннен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Бас дәрігер

К Е Л І С І Л Г Е Н

Қазақстан	Республикасы	экономика	
және	сауда	Министрлігінің	құрылыс
істері	жөніндегі	Комитеттің	төрағасы
2002 жылғы 11 шілде			

Б Е К І Т І Л Г Е Н

Қазақстан	Республикасы
Мемлекеттік	санитарлық
Бас	дәрігерінің

**"Бальнеотерапевтік емшара жүргізетін бөлімдердің
(кабинеттердің) құрылымына және оларды пайдалану барысында
қойылатын санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы
бағытталған талаптар" санитарлық ережелері мен нормалары**

1. Жалпы ереже

1. Осы санитарлық ережелер мен нормалар (әрі қарай - санитарлық ережелер) бальнеотерапевтік емшараларды жүргізу барысында санитарлық-гигиеналық жағдайларды қалыптастыруды нысана етіп, емдеу-сауықтыру іс-әрекетімен айналысушы жеке және заңды тұлғаларға арналады.

2. Осы санитарлық ережелер талаптарын табиғи немесе қолдан преформаландырылған минералды су жасап оны емдеу-сауықтыру мақсатында қолданатын барлық жаңадан салынып, құрылысы қайта жаңартылып жатқан және қазіргі кезде жұмыс бабында пайдалануда жүрген бөлімшелер мен кабинеттерде орындау міндет.

3. Осы санитарлық ережелер мен нормаларды орындау жауапкершілігі, меншік түріне қарамастан, емдеу-сауықтыру іс-әрекетімен айналысушы шаруашылық жүргізетін субъектілердің бірінші басшыларына жүктеледі.

4. Осы санитарлық ережелер мен нормаларды әзірлеу барысында келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бальнеологиялық бөлім (кабинет) - емдеу мақсатында адам денесінің сыртына және ішіне жіберу арқылы минералды суды пайдаланатын емдеу-профилактикалау, санаторлық-сауықтыру ұйымдарындағы бөлімше;

2) зарарсыздандырғыш ерітінділер - қоршаған ортаның объектілеріндегі жұқпалы (паразитарлық) аурулардың қоздырғыштарын жоюға қолданатын зарарсыздандыратын дәрмектердің ерітіндісі;

3) минералды сулар құрамында биологиялық, белсенді компоненттер мен ерекше физикалық-химиялық (температурасы, химиялық құрамы, радиоактивтігі бар) қасиеттері бар соның салдарынан адам организміне емдік әсер ететін жер (жер бетінде де) астынан алынатын су;

4) сифондық тазалау - минералды суды іш қуысына енгізгенде сифонды әдіспен жүргізілетін емшаралық іс-әрекет.

**2. БАЛЬНЕОТЕРАПЕВТІК ҮЙ-ЖАЙЛАРҒА ЖӘНЕ
БАЛЬНЕОТЕРАПЕВТІК**

КАБИНЕТТЕР МЕН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ҒИМАРАТТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР

5. Бальнеотерапевтік бөлімшелермен кабинеттерді орналастыру үшін жер бөлігін таңдау, жаңа ғимараттың құрылысын салу жұмыс істеп тұрған үй-жайды қайта жаңарту құрылыс нормалары мен ережелерінің (бұдан әрі - ҚНЖЕ) талаптарына сай жүргізіледі.

6. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдерді (кабинеттерді) орналастыруға арналған үй-жайлардың мөлшеріне және орналасуына қойылатын талаптарды, емдеу-профилактикалау және сауықтыру ұйымдары үшін қолданылып жүрген нормативтік актілерге сай қолдану керек.

7. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдердің (кабинеттердің) емдеу мүмкіндігін анықтағанда оның жобаланған қуатын еске алу керек.

8. Құрылысы салынып біткен немесе құрылысы қайта қарастырылған бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдерді (кабинеттерді) жұмыс бабында пайдалану, бекітілген заңнамалар тәртібіне сай жүргізілуі керек.

9. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдерді (кабинеттерді) арнайы немесе икемделген ғимараттардың жер үстіндегі қабаттарында болмаса табиғи жарық түсетін цоколды қабаттарда орналастыруға болады. Емшаралық мақсатқа минералды суды қабылдап сақтау үшін бальнеологиялық құрылымдарды үйдің жер төлесінде орналастыруға болмайды.

10. Әртүрлі емшара жүргізу үшін, жүргізілетін емшараның әр түріне арналған бальнеотерапевтік қондырғылары бар үй-жайлар бөлінуі керек. Ұлтабарды шаятын жер мен, тісті шаятын жер үшін іш себезгісі мен ішекке минералды сумен емші лайдың қоспасын сифондық әдіспен жібергенде, ол үшін бір үй-жайды қолдануға болмайды. Емшаралық кабинеттерде әрбір кушетка (кресло) жеке кабиналарда орналасады.

Кабиналардың қабырғасы, белгіленген тәртіппен келісілген, көріну мүмкіндігі төмен қалың шыныдан немесе синтетикалық материалдан жасалады.

Кабиналардың арасын шектеу үшін мақта-матадан және басқа да жұмсақ материалдардан жасалған арақабырғаны қолдануға болмайды. Емшаралық кушеткалардың астына керамикалық унитаздар қойылып немесе жуынды суды канализацияға қосатын жүйе қарастырылуы керек.

11. Резеңке трубкаларды, тыққыштарды, ұштармақтарды жуу, қайнату, зарарсыздандыру үшін құрылыс нормалары мен ережелеріне сай арнайы үй-жайды қарастыру керек.

12. Жұмыс бабында қолданылатын құрылғылар мен жиһаздардың техникалық паспорты болып, белгіленген тәртіпке сай, сапасына берілген куәлігі олардың

осы мақсатқа арналғандығын растауы қажет.

13. Ішекке емшара жүргізетін үй-жайлардың қасында үш себезгі арқылы емдейтін немесе емді ішекке сифондық әдіспен жібергенде қолданылатын әрбір екі емшаралық кушеткаға бір көзден келетін дәретхана қарастырылуы керек. Әрбір дәретхана бөлмесінде бір қолжуғыш раковина қарастырылып, электрлі қол кептіргіш немесе бір рет қана пайдаланатын қолсүрткіштер болуы керек.

14. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдерге (кабинеттерге) бөлінген үй-жайларды осы емшараларға тікелей қатысы бар бальнотехникалық құрылымдарға керекті сыйымдылық ыдыстарын орналастыру үшін пайдалануға болады; Мұнда бальнеотерапевтік емге қатысы жоқ қандай да болсын емшараларды жүргізуге болмайды.

15. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдердің (кабинеттердің) әрбір бөлімшелерінде денсаулық сақтау саласының өкілетті органдары бекіткен, медицина қызметкерлеріне арналған өндірістік санитария және емшараларды дұрыс жүргізу туралы нұсқаулар ілінуі керек.

3. МИНЕРАЛДЫ СУДЫ ТАСЫМАЛДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

16. Бальнеотерапевтік емшара жүргізу үшін бөлімдерге (кабинеттерге) минералдық суды тасымалдау белгілі тәртіппен өкілетті органдардың келісімімен су құбырлары немесе арнайы жабдықталған автоцистерналар, басқа да сыйымдылық ыдыстары арқылы әкелінеді.

17. Бальнеотерапевтік емшаралық бөлімдерге (кабинеттерге) минералды суды , су құбырлары арқылы жеткізгенде, олардың құрылысына қойылатын талаптар бальнеологиялық техниканы қолдану ережелеріне сай болуы керек. Мұндай жағдайда келесі талаптар орындалу керек:

1) құбырларды салу және құру жұмыстарын шаруашылық ауыз-су, су құбырларын салу және жұмыс істетуде қолданылып жүрген құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес жүргізілу керек;

2) минералды су тік жазықтықта бұрмаламай, ал көлденеңінде азғана бұрылыстары бар ең қысқа жолмен жеткізілуі керек;

3) минералды суды жеткізетін құбырларды салу үшін, минералды судан және одан бөлінетін газдан тотығуға ұшырамайтын, судың құрамына әсер етпейтін (шойыннан, тоттанбайтын болаттан, шыныдан жасалған) құбырлар қолданылуы керек ;

4) жер бетіндегі атмосфералық және жер асты топырақтық сулардың әсерінен сақтау үшін жақсы оңашаланған жер астылық галереялар (жабық, өтетін, жартылай өтетін) су құбырларын салу ұсынылады;

5) су құбырларының құрылымы кезеңді тексеру мен жөндеу үшін олардың

тез және ыңғайлы өшірілу мүмкіндігін кепіл ету керек;

6) су құбыры барлық диаметрі бойынша толу керек және суда ерітілген газға байланысты су қысымда болу керек;

7) су құбырлары су өткізбейтіндей болу керек, құбырларды су өткізбеушілігі қысым бойынша (4 атмосферадан төмен емес) гидравликалық сынау жолымен, жылына бір рет тексеріп отыруы керек;

8) крандары, вентильдері және ысырмалары қалайылы қоладан, теңіздік жезден, тоттанбайтын болаттан жасалып, қайыстан жасалған аратөсемдер мен клапандар болмауы керек. Тағамдық резеңкеден жасалған аратөсемдер рұқсат етіледі. Су құбырларының бөлшектері мен бальнеотерапевтік құрылғылардың технологиялық желілерінің құрылыстық элементтерін дайындау үшін қолданылатын резеңке және басқа синтетикалық материалдардың маркасы белгіленген тәртіпте өкілетті органмен келісілуі керек;

9) жаңа немесе оңаша бөлікті салғаннан (қолданылып жүргені жөнделгеннен) кейін, құбыр кем дегенде 6 сағатқа 75-100 миллиграм литр белсенді хлорлы сумен толтырылып, иісі кеткенге дейін минералды сумен шайылуы керек;

10) су құбырында минералды су ұзақ уақыт (2 күннен артық) тұрып қалса, бұл суды емшараларға қолдануға болмайды;

11) минералды судың сынамасын алып отыру үшін су құбырларының соңғы бөліктерінде, бакқа (резервуарларға) кірер алдында кран болуы керек.

18. Минералды суды шығу көзінен бөлімшеге (кабинетке) дейін автоцистернамен немесе басқа да сәйкес ыдыстармен жеткізгенінде келесі шаралар қадағалануы керек:

1) қайнар көзінен минералды су меншікті тегеурінімен немесе газлифті өзінің ағынымен резеңке түтікшемен су таситын цистернаға (ыдысқа) құйылады;

2) цистернаны олайша (ыдысты) толтыруға мүмкіндік болмаса, қайнардан аққан минералды су өз екпінімен құйылатын (тоттанбайтын болаттан немесе басқа да таттанбайтын материалдан) жасалған герметикаланып жабылған су жиналатын қондырғыларды қолдануға, амалсыз жағдайларда суды таттанбайтын қондырғыларды пайдалану арқылы пісіп құюға рұқсат етіледі;

3) тегеурінді су бактарын айына кем дегенде бір рет тазалап және зарарсыздандырып тұру керек; бактериалды ластану жоғары дәрежеде болған жағдайда, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат еткен зарарсыздандырғыш заттармен қосымша зарарсыздандыру жұмыстары жүргізіледі;

4) минералды суға арналған резеңке түтіктердің ұшында таттанбайтын болаттан, қалайылы қоладан, теңіздік жезден жасалған бұралмалы тартқыш болуы керек, олардың бірі тарататын құрғылардың келте құбырларына, екіншісі цистернаның (ыдыстың) келте құбырына кигізіледі;

5) цистерналарды (ыдыстарды) ашылатын люк арқылы толтыруға болмайды; резеңке түтікшелер каптаж үй-жайларында бекітілген таттанбайтын материалдан жасалған тығыз жабылатын арнайы жәшіктерде (ыдыстарда) сақталуы керек;

6) минералды суды ұңғымадан немесе тегеурінді су багінен цистернаға (ыдысқа) құяр алдында резеңке түтікшені, бұралмалы тартқышты, келтекұбырларды белгілеген тәртіпте, рұқсат етілген құпалдармен, белгіленген режимде зарарсыздандыратын заттармен өңдеп, соңынан минералды сумен шаю керек. Цистерна (ыдыс) медициналық қызметкердің бақылауымен кем дегенде аптасына бір рет, ал бактериалды ластану болса тез арада зарарсыздандырылады. Зарарсыздандыру жұмысының жүргізілгендігі туралы арнайы журналда тіркеледі (2 Қ о с ы м ш а) ;

7) қозғалыс кезінде цистернаның (ыдыстың) салатын келте құбырлары таттанбайтын материалдан жасалған, алынып салатын бұқтырмалармен ж а б ы л а д ы ;

8) резеңке түтікшелерді тасымалдауға болмайды. Әрбір бөлімшенің (кабинеттің) өзінің салмалы сомыны бар резеңке түтікшелері болу керек. Түтікше арнайы жабылатын жәшікте немесе таттанбайтын материалдан жасалған басқа ы д ы с т а с а қ т а л у ы к е р е к ;

9) минералды суды цистернадан (ыдыстан) қабылдағыш құрылғыға құярдың алдында резеңке түтікше, салмалы сомындар және келтекұбырлар зарарсыздандырылады да, соңынан минералды сумен шайылады (1 Қосымша).

4. БАЛЬНЕОТЕРАПЕВТІК ЕМШАРАЛАРҒА АРНАЛҒАН МИНЕРАЛДЫ СУДЫ ДАЙЫНДАУ МЕН САҚТАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

19. Әрбір бөлімшелерде (кабинеттерде) минералды суды қабылдауға арналған құрылғыларды үй-жайлардың ішінде орналастырып, қамтамасыз ету к е р е к :

1) минералды судың цистернадан (ыдыстан) өзінің ағынымен қабылдағыш бактарға (резервуарларға) ыңғайлы және тез құйылуын;

2) минералды судың табиғи қасиеттері мен сапалылығының сақталуын.

20. Минералды суды қабылдағыш бактарға (резервуарларға) құю судың астында, құбырының ұшы азғана кеңейтілген келтекұбыр арқылы жүргізілу керек. Цистернаға (ыдысқа) су құятын резеңке шлангты ғимараттың қабырғасында орнатылған тығыз жабылатын люк арқылы жіберуге болады.

21. Минералды суларды сақтауға арналған бактар (резервуарлар) емшаралық кабинеттерге өзінің ағынымен келетіндей есептетіліп, орнатылу керек және оның құрылысы минералды судың физика-химиялық және бактериялогиялық

қасиеттерінің барынша сақталуын қамтамасыз ету керек.

22. Бактар (резервуарлар) келесі талаптарға сай болулары керек:

1) бактар минералды сулардың бетінің ауамен қатынасын азайту үшін тік цилиндрлік, кіші диаметрлік түрде болулары керек; үлкен ыдыстарды құрғанда ол кубтық түрде де болуы мүмкін; қымталған люктары болу керек;

2) "тыныс алатын" клапандар сыртқы ауаны бакқа (резервуарға) жібермеуі керек; газ бөлуге арналған құрылғыларды тік ашық құбыр ретінде салуға б о л м а й д ы ;

3) минералды сулардың физика-химиялық құрамына әсер етпейтін және онымен жанасқанда бұзылмайтын материалдардан жасалады. Судың деңгейін көрсеткішпен, гидравликалық жапқышы бар ағызатын құбырмен және түбінен шығарылған құятын құбырмен жабдықталады. Ағызатын және құятын құбырдан су ауа арқылы бөлініп, одан соң канализацияға ағу керек;

4) минералды суды емшаралық кабиналарға құю түтігі оның түбінен 10-15 сантиметр биіктікте орнатылуы керек;

5) минералды суды бакқа (резервуарларға) әкелетін және оларды бактан шығаратын құбырлардың диаметрі бір біріне сай болып су шығаратын құбыр сумен толық толтырылуы керек;

6) барлық жапқыш арматуралар таттанбайтын болаттан, қалайылы қоладан, теңіздік жезден жасалуы керек;

23. Минералды сулардың бактардағы (резервуарлардағы) сақталу мерзімі 2 тәуліктен артық болмауы керек.

24. Минералды сулардың өз ағынымен емшаралық кабинеттерге берілуіне мүмкіндік болмаса, оларды сорғылармен сору немесе бактарда (резервуарларда) сығылған газбен пневматикалық қысым тудыру керек. Бұл жағдайда түсірілген қысым суды құбырларға ағызуы керек, қосымша тегеурінді су бактарын немесе басқа аралық сыйымдылықты қолдануға болмайды.

25. Сорғымен суды сорған кезде төмендегі шарттарды сақтау қажет:

1) сорғы тоттандырмайтын қасиеттері бар материалдардан дайындалуы керек;

2) бактан (резервуардан) алынған минералды су сорғыға өз бетімен ағып к е л у і қ а ж е т ;

3) сорғының минералды сулар толтырылған барлық ішкі қуыстары су шықпайтындай саңылаусыз болуы қажет.

26. Минералды суларды жылыту сыйымдылығы аз, ыстық сумен жұмыс істейтін су ақпайтын аппараттарда іске асырылады. Минералды суы бар бактарға жылотасығыштарды (ыстық суы немесе буы бар иіртүтік, жылуэлектржылытқыштар) тікелей енгізуге болмайды.

27. Жылыту аппараттардың құрылымы мыналарға кепілдеме беруі керек:

мөлшерлегіштерден (қақпағы жоқ) минералды судың тасып төгілуі арқылы қабылдағыш бактерды толтыруға болмайды.

35. Әрбір мөлшерлегіштерде емшараларды жүргізуге қолданылатын резеңке түтікшелердің 3 жиынтығы, ұштықтары, үштіктері және басқа да қосалқы заттары болуы керек. Әрбір емшарадан кейін бұл жиынтықтар толығымен ауыстырылуы керек.

36. Әрбір емшаралық кушеткалар күндізгі жүктемесіне сәйкес әрбір емшарадан кейін ауыстырып тұру үшін жеткілікті көлемде қажетті төсеніш клеенкалармен, төсеніштермен, төсеніш орамалдармен қамтамасыз етілуге тиіс.

37. Қолданылатын резеңке түтікшелер, барлық конструктивті бөлшектер зарарсыздандырылуы, тазартылуы және стерилизациядан өтуі керек; төсеніш клеенкалар, төсеніштер, төсеніш орамалдар - зарарсыздандырылуға тиіс (1 қосымша).

38. Бальнеотерапевтік емшаралар үшін қолданылатын минералдық су " Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз суымен қамтамасыз ету көздері туралы " 2761-84 Мемлекеттік стандарттың талаптарына, емдеу үшін қолданылатын балшық тиісті нормативті құжаттарға сәйкес болуы керек.

39. Емдеп-сауықтыру ұйымының басшысы минералды су мен емдеуге қолданылатын балшықтың сапасына ведомстволық зертханалық бақылау жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. Минералды судан алынатын сынама төмендегідей бақылаудағы нүктелерден алынады: минералды су көзінен, автоцистерналардан, суды құйып таситын және сақтайтын сыйымдылықтардан, суды құюға арналған түтікшелерден, дозаторлардан, қыздырғыштардан, тасымалдаушы құбырлардан. Минералды су көзін және емдеуге қолданылатын балшықты санитарлық-химиялық және радиологиялық тексеру жылына бір рет, минералды су көзіне, оның басқа сынама алынатын нүктелерінде және балшыққа микробиологиялық тексеру айына бір рет жүргізіледі.

6. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ПЕРСОНАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

40. Бөлімшенің (кабинеттің) жұмысын атқаратын бальнео-техникалық құрылғыларының жұмысын қамтамасыз етіп, жөндейтін медициналық және техникалық қызмет көрсететін персоналдар медициналық тексеруден, заң жүзінде бекітілген тәртіпке сәйкес жұмысқа түсер алдында және керекті мезгілдерде өтіп отырулары тиіс. Медициналық және техникалық қызмет көрсететін персоналдар қолданыстағы нормаларға сәйкес, арнайы киіммен қамтамасыз етілуі қажет. Арнайы киімдер жеке және жалпы қолданыстағы киім

ілетін орындарда сақталуы керек.

41. Персоналдардың емдеу-өндірістік үй-жайларында тамақ ішуіне болмайды.

42. Төсеніштер мен орамалдарды жуып, кабинеттерде кептіруге болмайды.

43. Әрбір жұмыс кезеңі басталар алдында персонал барлық технологиялық линиядағы жабдықтардың жарамдылығын тексереді. Тексеру барысында немесе жұмыс уақытында қандай да бір ақау анықталған жағдайда бөлімше (кабинет) меңгерушісіне, ол болмаған жағдайда емдеу-профилактикалық ұйымының басшысына жедел хабарлауы керек. Табылған ақауды жөндегенге дейін емшараларды жүргізуге тыйым салынады. Барлық қолданылған шаралар жайында міндетті түрде журналда жазылуы керек.

44. Әрбір емшарадан кейін қолды ыстық сумен сабындап жуу керек. Персонал, күн сайын ауыстырылып тұратын сүлгімен немесе бір рет қолдануға жарайтын қол сүрткімен сүртінуді қажет. Қолына қан немесе басқа да жағынды жұққан кезде қолдары белгіленген тәртіппен рұқсат етілген зарарсыздандырғыш ерітінділердің біріне малынған мақтамен сүртілуі тиіс.

45. Негізгі өндірістік үй-жайларда ылғалды тазарту жұмыстары жұмыс кезеңінің соңында жүргізілуге тиіс.

Кең көлемдегі тазарту жұмыстары аптасына бір рет жүргізіледі. Үй-жайды және барлық жабдықтарды зарарсыздандыратын ерітінділерге малынған шүберекпен сүртеді немесе қабырғалар мен еденді гидропульт арқылы шаяды, жабдықтарды сүртеді. Осыдан кейін бір сағат бойына барлық жабдықтарды сумен жуады, артынан ультракүлгін сәулемен әсер етеді.

46. Жинау заттарына белгі қойылуы керек, дәретхана мен кабинеттерге бөлек-бөлек қолданылып, белгіленген орындарда сақталады.

47. Резеңке құбырларының жиынтығы, ұштықтар, резеңке қолғаптар осы санитарлық ережелер мен нормалардағы 1 қосымшаға сәйкес зарарсыздандырылады және стерилизациядан өтеді.

48. Емшара жүргізілетін кабинеттер, үй-жайдың көлемін ескере отырып, ультракүлгін шамдармен жабдыкталады.

"БАЛЬНЕОТЕРАПЕВТИК ЕМШАРА ЖҮРГІЗЕТІН
БӨЛІМДЕРДЕН (КАБИНЕТТЕРДІҢ) ҚҰРЫЛЫМЫНА
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА
ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН ТАЛАПТАР"
санитарлық ережелері мен нормаларына
1 қосымша

**Бальнеотерапевтік емшаралар бөлімшесі (кабинеттері)
объектілерін зарарсыздандыру тәртібі**

Зарарсыздандыру объектілерінің атауы	Зарарсыздандыру заттары және әдістері	Зарарсыз. Өңдеудің дандыру	Ескертулер мерзімдері мерзімі
Суды тасымал. дауға арналған автоцистерналар (ыдыстар), мине. ралды суды сақ. тауға арналған су құбырлары, сорғылар және ысытқыштар	Толық көлемде мына ерітінділердің бірі. мен толтырылады: кем дегенде 25%, 1% белсенді хлорамин құраған, тұндырылған 1% хлорлы әкпен; 1% кальцийдің гипо. хлоридімен, 0,0025%	Кем дегенде Соңынан айына бір 1 сағат рет дандырғыш тың иісі толық кет. кенге дей. ін ауыз сумен шай. лады	
Санитарлық- техникалық жабдықтар әкпен, 1% раковиналар)	Мына ерітінділердің бірімен бүркіледі: 2% тұндырылған хлорлы хлорамин. мен немесе 1% кальцийдің гипохлори. дімен, 1% дезэфекті.	Әрбір 60 минут жұмысшы кезеңінен йін екі кейін 30 минут 45 минут мен , 0 , 0 5 % септокалмен	Әрбір емша. радан ке. мәрте ша. йылады немесе сүртіледі
Цистерналар және су тегеурінді 1% хлораминмен	Мына ерітінділердің бірімен суармалау: 10 минут ды суларды	Цистерналар.Соңынан дан минерал. минер. бактардың келте- алды құбырлары, т ө г е р д е н е с у м е н	1% кальцийдің сумен
резеңке шланг. тар, салмалар, сомындар, бітеуіштер	гипохлоридімен 1% дезэфектімен 0,02 клорсептпен Аталған ерітінділер. дің біріне батыру	оларды толтырғанда оларды 30 минут резеңке шлангтармен жалғастыр . ғ а н д а	шайыла. ды оларды резеңке шлангтармен жалғастыр . ғ а н д а
Клеенкалы және	Мына ерітінділердің	Әрбір	Соңынан

мата төсемдер,	біріне батыру керек:	қолданғаннан суда
алжапқыштар,	0,5% тұндырылған	кейін жуылып,
резеңке қолқап.	хлорлы әктің ерітін.	30 минут кептір.
тар сүртуге	дісіне, 1% хлора.	іледі
арналған	минге,	1% кальцийдің
шүберек		гипохлоритіне
Шыны су құбыр.	Айналмалы жуу:	Әрбір Соңынан
лары	Су құбырлық ыстық су	20 минут жұмысшы қышқылдың
	немесе 0,5% тұз	кезеңінен ізі кет.
	қышқылының	кейін кенге де.
	ерітіндісімен.	йін ыстық
	Барлық көлемді	ауыз сумен
	ерітінділердің бірі.	жуылады
	мен толтыру: 1% каль.	Аптасына Соңынан
	цийдің гипохлоритімен	1 сағат кем дегенде зарарсыз
	1% хлораминмен 0,15%	1 сағат бір рет дандыра.
	бромосептпен 1%	30 минут тын зат.
	дезэфектпен	30 минут тың ізі
	0,05% клорсептпен	30 минут кеткен.
		г е д е й і н
		ы с т ы қ
		а у ы з с у .
		м е н а й .
		н а л д ы р а
		ж у ы л а д ы
Дозаторлар	Қайнату:	20 минут Әрбір Соңынан
	Барлық көлемді	жұмысшы зарарсыз
	ерітінділердің бірі.	кезеңінен дандыру.
	мен толтыру: 1% тұн.	кейін шы зат
	дырылған хлорлы	тың иісі
	әкпен	60 минут мен ізі
	1% хлораминмен	кеткенге
	1% кальцийдің гипо.	дейін
	хлоритімен	ыстық
	0,05% клорсептпен	құбыр
	1%-ды дезэфектпен	сумен
	0,15% бромосептпен	жуылады
	0,5% дезапревпен	30 минут
Емшаралар	Суда қайнату	30 минут Әрбір Арнайы

жүргізуге	Ерітінділердің	қолданған.	жуатын арналған	біріне
батыру:	1%		нан кейін	ракови.
резеңке	хлораминге, 1% каль.	30 минут	Әрбір	нада ал.
түтіктердің	цийдің гипохлоритіне	60 минут	қолданған.	дын ала
жиынтығын,	1% дезэфектте		нан кейін	ыстық
ұштарын,	0,1% септоналға	60 минут	Әрбір	сумен
біріктіретін	0,15% бромосептке	30 минут	жұмысшы	жақсылап
түтіктерді,	0,1% клорсептке	60 минут	кезеңінен	жуғаннан
ұштармақтар	0,5% дезапревке		кейін	кейін
ж ә н е				ұ с а қ
б ө л ш е к т е р				
